

**"Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 123 Жарлығы

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 36-құжат; № 38, 405-құжат; № 43, 481-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; № 33, 309-құжат; 2010 ж., № 45, 402-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізудің ережелерінде: 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конкурстың жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі негізінде лауреаттар атақтары жыл сайын мынадай:

1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;

2) ірі кәсіпкерлік субъектісі санаттары бойынша беріледі.»;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Комиссияның лауазымдық құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.» .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

*Н. Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

№ 123 Жарлығына қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

**Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз»  
конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның  
лауазымдық құрамы**

Қазақстан Республикасының Президенті – төраға  
Қазақстан Республикасының Еңбек және – төрағаның орынбасары  
халықты әлеуметтік қорғау министрі  
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты – комиссия хатшысы  
әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және  
әлеуметтік әріптестік департаментінің  
директоры

**Комиссия мүшелері:**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі  
Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі  
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі  
Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі  
Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі  
Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі  
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің  
төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің  
төрағасы (келісім бойынша)  
«Атамекен» одағы» ұлттық экономикалық палатасының төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстан кәсіпкерлері форумының президенті (келісім бойынша)  
Қазақстанның тауар өндірушілері мен экспорттаушылары одағының президенті (келісім бойынша)